


«Күншуақ»
бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгеруші  Ж.А.Курманова
« _____ » _____ 2025жыл



№1 «Еркетай» кіші тобы

Тақырыбы: «Аялаған анашым»

Тәрбиешілер: Байбулова М.А

Кульманова Ж.Б.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, аяулы аналар, қызғалдақ қыздар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай, сезім мен нұр құйып 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер. №1 «Еркөтай» кіші тобының «Аяулы анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Сіздерді көктем мерекелеріңізбен құттықтаймыз.

Бүлдіршіндердің орындауында ән «Анашым»

Жүргізуші: Біздің бүлдіршіндеріміз күнде өсіп келеді. Оны балалар өздерінің аналарына арналған тақпақтарында айтады.

Тақпақтар айтылады.

Ерасыл: Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым.

Әбілмансур: Анашым саған
Ризамын саған
Тіліңді алам
Ақылды болам.

Аниса: Әлпештеген баласын
Айналайын анашым

Аружан: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Бар баланы қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Әмір: Мен айтамын тақпақ
Анашымды мақтап
Менің анам әдемі
Менің анам аппақ.

Сайқымазақ екі аяғында шары байланған, қолында сылдырмағы бар, залға жүгіріп кіреді.

Сайқымазақ: Мен қайда ұшып келдім?

Жүргізуші: Сайқымазақ сен біздің балабақшаға келдің, біздің бүлдіршіндер аналарымызды мейрамымен құттықтайды.

Сайқымазақ: Мен де сендермен билегім келіп тұр.

Жүргізуші: Иә біздің балалар «Аспаздар» биін билейді, бізбен бірге билеңіз.

Би: «Аспаздар»

Сайқымазақ: Тамаша! Көңіл күйім бір көтеріліп қалды.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар бізге тағы қонақ келіпті кім екенін тыңдайықшы. (Музыка әуенмен «Көктем» кіреді)

Көктем: Саламатсыңдар ма кішкентай бүлдіршіндерім. Бүгінгі аналар мерекесі құтты болсын. Сендерге шуақ шашып келген «**Көктем боламын**». Маған арнаған қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші: Хош келдің Ару көктем! Балаларымыздың сізге арналған әсем әніміз «Көктем» туралы әнді қосылып шырқайық.

Ән: «Көктем келді»

Сайқымазақ: Бәрекелді балалар! Әндерің, билерің қандай әсем! Менің келесі топқа барып өнерлерін көретін уақытым келді. Келесі кездескенше хош сау болыңдар балалар. (Сайқымазақ шығып кетеді)

Жүргізуші: Ал балалар Көктем ханшайымына арналған кішкентай қыздарымыздың «Көбелек» биін тамашалайық.

Би: «Көбелек»

Көктем: Керемет, жарайсыңдар балалар. Мен де сендерге құр қол келмей ойын ала келдім. Ойынды бірге ойнаймыз ба балалар? Ал ендеше бастайық.

Ойын: «Күлтешесін тап»

Шарты: Жерде жасыл, қызыл, сары түсті гүлдердің күлтешелері жатыр. Осы гүлдерді түстері бойынша күлтешелерін орналастыру керек.

Көктем: Керемет жарайсыңдар балалар неткен ақылды балалар. Сендердің арқаларында себетім гүлге толып қалды. Көп рахмет сендерге. Балалар менің басқа топқа баратын уақытым келді. Сендермен танысқанымна қуаныштымын. Әсем әндерің мен билеріңе көп рахмет. Қош болыңдар балалар!

Жүргізуші: Бүгінгі №1 «Еркетай» кіші тобының аналар мерекесіне арналған ертеңгілігіміздің өз мәресіне жетті. Келесі кездескенше хош сау болыңдар!